

Тастұмсық ауылдық округіндегі елді мекендердегі атаусыз көшелерге атаулар беру туралы

Түркістан облысы Тұлкібас ауданы әкімдігі Тастұмсық ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 19 ақпандағы № 5 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 22 ақпанда № 4913 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және 2018 жылғы 6 сәуірдегі Оңтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Тастұмсық ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тастұмсық ауылдық округіндегі елді мекендердегі атаусыз көшелерге атаулар берілсін:

1) Тастұмсық ауылдық округіне қарасты, Қабанбай ауылындағы атауы жоқ көшеге Нұрлыш жол атауы;

2) Тастұмсық ауылдық округіне қарасты, Қабанбай ауылындағы атауы жоқ көшеге Бұлақты атауы;

2. "Тұлкібас ауданы әкімдігінің Тастұмсық ауылдық округ әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіpte:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкім шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Тұлкібас ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Тұлкібас ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақта өзгерістер енгізілді - Түркістан облысы Тұлкібас ауданы әкімдігінің Тастұмсық ауылдық округ әкімінің 18.12.2019 № 35 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Тастанымсық ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Г. Байназароваға жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

K. Сарсембаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК